

Оралда Covid-19 індетін зерттейтін орталық ашылды

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде Биотехнология және жұқпалы аурулар диагностикасы зертханасы ашылды.

Оралдық зертхана осы қыркүйек айының басында БҚАТУ-дың сынақ орталығында ашылған. Ғылыми мекеме негізінен covid-19-ға полимерлік тізбекті реакция (ПТР) диагностикасын жүргізуге арналған вирусологиялық зертхана ретінде жұмысын бастаған. Келісімшарт бойынша зертханаға қажетті биоматериалдарды «Медикер» медициналық орталығы жеткізеді.

- Біздің университетіміздің ғалымдары, мамандар арнайы Америкаға барып, коронавирусқа қарсы күрес орталықтарында тәжірибеден өтіп әрі оқып келді. Оның үстіне әлемдегі және жақын төңіректегі салалық ұйымдардың тәжірибесін, жалпы медицинада ковидке қарсы күрес саласындағы жаңалықтарды саралап отырып, осындай зертхана ашып отырмыз. Бүгінде мұндай істі атқаруға біздің мамандардың білімі де, мүмкіндігі де жетеді. Осы кезге дейін зертханада 500-дей тексеру өтті. Әрі қарай көбейтуге де мүмкіндік бар, - дейді Жәңгір хан университетінің ректоры Асқар Нәметов.

Ректордың айтуынша, зертхана ма-

мандары үлкен жобаны қолға алған. Жалпы әу баста covid-19 індетінің өзі жарғанаттан тарағаны айтылған еді. Бірақ Қазақстандағы жарғанаттарды күні бүгінге дейін ешкім зерттемеген екен. «Біз жарғанаттың індет ауруын таратуға қаншалықты қатысы бар екенін анықтасақ, ол біздің медицинаға да, ветеринарияға да көп көмек болады. Аурудың ары қарай тарамуына үлес қосамыз» дейді ғалым.

Негізі коронавирустың түрі көп, бұл вирустың кейбір түрі мал шаруашылығында да кездесетіні белгілі. Бірақ covid-19-дың малға қалай әсер ететіні бүгінге дейін анықталмаған екен. «Батыс Қазақстан облысынан ірі қара малының еті Қытайға экспортталады. Қазір алушы жақ мал етінде коронавирусты жоқтығы жөнінде сертификат талап етіп отыр екен. «Мұны анықтау ісімен елімізде біздің зертханадан басқа ешкім шұғылданып жүрген жоқ. Біз оның жүйесін жасап, анықтап, сертификат беріп жатырмыз» дейді Асқар Мырзахметұлы.

- Сынақ орталығының базасында ашылған зертхана биотехнология және жұқпалы аурулар диагностикасын жасайды. Бүгінге дейін зертхана негізінен коронавирустың диагностикасын анықтаумен айналысты. Біздің ұжым ғылыми зертхана болғандықтан, сынама алу медициналық мекемелер қабырғасында жүргізіліп, бізге дайын биологиялық ма-



териал ғана әкелінеді. Біз оларды тіркеп, өңдеп, РНК бөліп алып, полимерлік тізбекті реакция тәсілімен сынақ өткізіп, диагностика жасаймыз. Нәтижесі сол күні дайын болады. Барлық жұмыс процесі автоматтандырылған. Адам факторы өте төмен. Барлық нәтиже күн сайын тексеріліп отырады. Біздің зертхана нәтижелерінің нақтылығы 99,9% ақиқат екеніне кепілдік береміз. Күні бүгінге дейін 500-ден аса анализ жасадық. Зертханада 6 ғылыми қызметкер жұмыс істейді. Олар алыс-жақын шетелде әлемнің жетекші ғылыми орталықтарында білімін жетілдіріп, коро-

навирусты диагностика жасауға арнайы рұқсат алған, - дейді Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың Сынақ орталығының директоры, биология ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор Индира Бейшова.

Зертхана заманауи құрылғылармен жабдықталған және толық автоматтандырылған. Айта кетерлігі, сынау орталығы ауыл шаруашылығы малының генетикасын зерттеу, олардың ауруларын диагностикалау жұмыстарын да жүргізеді. Бұл бағытта елімізде 4-5 зертхана бар.



АРА ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМУ

Облыс көлемінде бал шаруашылығымен айналысатын 30-40 шаруашылық бар. Бір маусымда 1000-1200 ара ұясынан шамамен 15-20 тонна бал өндіріледі. Ал бұл халықтың сұранысын толық қанағаттандырмайды. Сондықтан Батыс Қазақстан облысында омарта шаруашылығын жаңғырту, омарта шаруашылығы өнімдерін көбейту, азық-түлік нарығын табиғи омарта өнімдерімен толықтыру жұмыстарын жүргізу қажет.

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті «Золотой улей» шаруа қожалығымен бірлесе отырып, облыста омарташылықты дамыту жобасын қолға алды. Бұл жоба университет студенттеріне теориялық білімді тәжірибеде қолдануға мүмкіндік береді.

«Аңшылықтану және аң шаруашылығы» мамандығының оқу бағдарламасына «Омарта шаруашылығының негіздері» пәні енгізілді. Ветеринарлық медицина және мал шаруашылығы



институтының «Ветеринарлық медицина» және «Ветеринарлық санитария» мамандықтарының студенттері стационарлық және жылжымалы омартада тәжірибеден өтті. Технологиялық тәжірибеге «Золотой улей» шаруа

қожалығының басшысы Сергей Кривобоков, «Экология және биоресурстар» жоғары мектебінің аға оқытушысы Гүлдана Идрисова мен «Ветеринария және биоқауіпсіздік» жоғары мектебінің оқытушысы Берік Сатыбаев жетекшілік

етті. Студенттер ара шаруашылығының жұмысын жүргізу, омартадағы ара ұяларымен, омарта жабдығымен жұмыс істеу дағдыларын үйренді. Бал жинау кезеңдерімен танысып, аралардың жұқпалы емес аурулары мен зиянкестерге қарсы алдын алу іс-шараларына қатысты.

Бәйтерек ауданының Мичурин ауылдық округінде орналасқан Сергей Кривобоковтың «Золотой улей» шаруа қожалығы 1997 жылы құрылған. Жер көлемі 5,5 га. шаруашылық омарта үшін қажетті құралдармен қамтамасыз етілген. Бал шаруашылығы өнімдерін сатылымға шығаратын аталмыш шаруа қожалығы мен Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің ғалымдары ара өнімдерін өңдейтін, ветеринариялық-санитариялық сараптама және бал сапасы мен ара ауруларын зерттейтін зертхана құруды жоспарлап отыр.

Жайнагүл Хамидолла
Жәңгір хан атындағы БҚАТУ медиа орталығының маманы